

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№6 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

23 қаңтар 2025 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2025 жыл 23 қаңтар, сағат— 14:30

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет (*Баяндамашы: Кітапхана басшысы – А.А.Абсеметова*);

2. ББ кәсіптік (оқу, оқу-өндірістік, өндірістік, педагогикалық, дипломалды, зерттеу және т.б.) практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы (*Баяндамашы: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы С.М.Мухиддинова*);

3. Өртүрлі мәселелер

3.1. Факультет декандарының кафедраларына қарасты білім беру бағдарламалары, кадрларды даярлау бағыты бойынша №4 бұйрықпен қойылатын біліктілік талаптарының орындалуын қадағалау мақсатында есеп беру (*Баяндамашылар: Факультет декандары*);

3.2. 2024-2025 оқу жылындағы қысқы аралық аттестаттау нәтижелерін талдау (*Баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова*);

3.3. Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есебін бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова*);

3.4. 2024-2025 оқу жылында Қысқы кезеңінде қабылданған магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарларын бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова*);

3.5. Университеттің «Педагогикалық қайта даярлау» ББ педагогикалық практикасына арналған оқу бағдарламасын бекіту (*Баяндамашы: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – А.Бегманов*);

3.6. Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламаласын бекіту (*Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова*);

3.7. Университет ОПК дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Баяндамашылар: Факультет ОӘК төрағалары*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы статистикалық мәлімет назарға алынсын (*жауапты: Кафедра меңгерушілері, Кітапхана директоры*);

1.2. Ұсыныс негізінде сатып алынған кітаптар 1 қосымшаға енгізілсін (*жауапты: Кафедра меңгерушілері, Кітапхана директоры*);

1.3. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 1 қосымшасына толықтырылған оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер пәндер бойынша силлабусқа қосылсын (*Жауапты: Факультет декандары, оқу-әдістемелік комитет төрағалары, кафедра меңгерушілері*);

1.4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің» 2 тармақтың 1 қосымшасына факультеттің оқу-әдістемелік комитет тарапынан сараптама жасалынып, есебі келесі комитет мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: Факультет декандары, оқу-әдістемелік комитет төрағалары, кафедра меңгерушілері*).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. Кәсіптік практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы бойынша ақпараттар назарға алынсын;

2.2. Кәсіптік практика құжаттарында орын алған кемшіліктер жойылсын (*жауапты – факультет деканы, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және кәсіптік практика жетекшілері, орындалу мерзімі 25.01.2025ж*);

2.3. ҚР ҒжЖБМ-гі кәсіптік практиканы электронды еңбек биржасы enbek.kz порталы арқылы ұйымдастыруды ұсынуына байланысты барлық әдістемелік құжаттар талаптарға сәйкес әзірленіп, кафедраның Гугл дискісіне жүктелсін (*жауапты – кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және кәсіптік практика жетекшілері, орындалу мерзімі 01.02.2025ж*);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. Факультет декандарының кафедраларына қарасты білім беру бағдарламалары, кадрларды даярлау бағыты бойынша №4 бұйрықпен қойылатын біліктілік талаптарының орындалуын қадағалау мақсатында есептері назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.2.1 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

3.2.2 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары, орындалу мерзімі 31.01.2025ж.*);

3.2.3 Емтихан түрлері бойынша факультеттерде аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын (*Жауапты: факультет декандары, орындалу мерзімі 14.02.2025 ж.*);

3.2.4 Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын (*Жауапты: факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары, орындалу мерзімі 17.02.2025ж.*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.3. Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есебін бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.4. 2024-2025 оқу жылы Қысқы кезеңінде қабылданған магистратура және доктарантура білім беру бағдарламалары бойынша 2024-2025 оқу жылына оқу жұмыс жоспарлары берілген тізіммен бекілсін (*Жауапты Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.А.Полатбекова*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.5 «Педагогикалық қайта даярлау» ББ педагогикалық практикасына арналған оқу бағдарламасы бекітілсін (*Жауапты: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – А.Бегманов*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.6 «Амбулаториялық жағдайларда медициналық реабилитация жасау» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламаласы бекітілсін (*Жауапты: Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.7.1 Төмендегі көрсетілген оқу құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:


3.7.1.1 Спорт және өнер факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Е.К. Рысымбетовтың «Сәндік бейнелеу әдістері» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

3.7.1.2 Дайындық орталығы, «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің аға оқытушысы А.Әйтін, оқытушы Л.Райханова және оқытушы С.Жұматаева дайындаған «Лексикография: оқу сөздігі» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

3.7.1.3 Дайындық орталығы, «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің п.ғ.к., аға оқытушысы А.Қ. Мырзаханованың «Көркем мәтінді оқыту әдістемесі» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

3.7.1.4 Медицина факультеті, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының м.ғ.к., профессоры К.К. Каримбаев, м.ғ.к., аға оқытушы Е.А. Ибадуллаев және оқытушы Н.Е. Абуов дайындаған «Урология» атты оқу-әдістемелік құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен) бекітілсін.

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б. Усембаева